

# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2023 жылғы 2-8 ақпан

Респонденттердің саны: 12

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық даму банкі, Экономикалық зерттеулер институты, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс)

**Пікіртерім нәтижелері** (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2022 (факт/ бағалау)	2023	2024	2025
<b>Вrent маркалы мұнай бағасы</b> бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	99,1	<b>83,1</b> (87,5)	<b>80,0</b> (78,5)	<b>80,0</b>
<b>ЖІӨ</b> %, ж/ж	3,1*	<b>3,7</b> (3,8)	<b>4,0</b> (4,0)	<b>4,0</b>
<b>ТБИ</b> %, желт. өткен жылғы желт.	20,3	<b>11,8</b> (11,2)	<b>8,0</b> (8,0)	<b>7,0</b>
<b>Базалық мөлшерлеме</b> жылдық %, жылына орта есеппен	13,9	<b>15,5</b> (12,4)	<b>11,4</b> (9,5)	<b>9,3</b>
<b>Тауарлар мен қызметтер экспорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	92,5*	<b>91,6</b> (87,2)	<b>93,9</b> (88,0)	<b>90,7</b>
<b>Тауарлар мен қызметтер импорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	58,7*	<b>60,7</b> (54,1)	<b>60,7</b> (57,0)	<b>62,9</b>
<b>USD/KZT бағамы</b> жылына орта есеппен	460,5	<b>477,8</b> (490,1)	<b>500,0</b> (505,1)	<b>515,0</b>
<b>Бейтарап базалық мөлшерлеме**</b> жылдық %		<b>8,5</b> (9,0)		
<b>ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі***</b> %, ж/ж		<b>3,9</b> (3,7)		

**МҰНАЙ БАҒАСЫ.** 2022 жылғы қарашадағы сауалнама нәтижелерімен салыстырғанда, сарапшылар 2023 жылға арналған мұнай бағасы бойынша сценарий шарттарын барр. үшін 87,5 доллардан **83,1** долларға дейін (медианалық мәндер) нашарлатқан. Сонымен қатар, 2024 жылға күтулер барр. үшін 78,5 доллардан **80** долларға дейін жақсартылған. 2025 жылы мұнайдың орташа бағасы барр. үшін **80** доллар деңгейінде сақталады деп күтілуде.

\*Алдын ала бағалау: ЖІӨ бойынша ҚР СЖЖРА ҰСБ бағалауы, экспорт пен импорт бойынша ҚРҰБ бағалауы

\*\* Ақша-кредит саясатын ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді нысаналы деңгейде ал ЖІӨ-мін әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі

\*\*\* 5 жыл шегінде күтілетін әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны

**ЖІӨ.** 2023 жылы Қазақстан экономикасының өсуі бойынша респонденттердің күтулері 3,8% - дан **3,7%** - ға дейін аздап түзетілді. Алдағы екі жылда ЖІӨ-нің **4%** деңгейінде тұрақты өсуі күтілуде.

**ТБИ.** 2023 жылға арналған инфляция бойынша респонденттердің болжамдарының медианалық мәні 11,2% - дан **11,8%** - ға дейін көтерілген. 2024 жылға болжам **8%** деңгейінде сақталады. 2025 жылы инфляцияның одан әрі баяу **7%** - ға дейін төмендеуі күтілуде.

**БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Респонденттер 2023 және 2024 жылдарға арналған базалық мөлшерлеме деңгейі бойынша өз болжамдарын көтерді. Алайда базалық мөлшерлеме динамикасының төмендеуі күтілуде. 2023 жылға арналған базалық мөлшерлеменің орташа жылдық медианалық күтілімі **15,5%**, ал 2024 жылға – **11,4%** құрады. 2025 жылы базалық мөлшерлеме орта есеппен **9,3%** деңгейінде күтіледі.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ.** Респонденттер 2023 жылға арналған тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдарын 87,2-ден **91,6** млрд. АҚШ долл. дейін, ал 2024 жылға – 88-ден **93,9** млрд. АҚШ. долл. дейін көтерген. Сарапшылардың болжамына сәйкес, 2025 жылы экспорт көлемі қысқарып, **90,7** млрд. АҚШ долл. көлемінде құрылады.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ.** Респонденттердің алдағы екі жылға арналған тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары да ұлғаю жағына қарай түзетілді. Мәселен, 2023 және 2024 жылдары импорт көлемі **60,7** млрд. АҚШ долл. көлемінде күтілуде (бұдан бұрын 54,1 және 57 млрд. АҚШ долл. деңгейінде). 2025 жылы респонденттердің күтулеріне сәйкес тауарлар мен қызметтердің импорты көтеріліп, **62,9** млрд АҚШ долларын құрайды.

**USD/KZT БАҒАМЫ.** Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда теңгенің айырбас бағамы бойынша болжамдар жақсартылған – 2023 жылы бір АҚШ доллар үшін 490,1 теңгеден **477,8** теңгеге дейін., 2024 жылы бір АҚШ доллар үшін 505.1-ден **500** теңгеге дейін. 2025 жылға арналған медианалық күтім бір АҚШ доллар үшін **515** теңгені құрады.

**БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Ақша-кредит саясатын ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді нысаналы деңгейде ал ЖІӨ-мін әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі респонденттерге сәйкес **8,5%** деңгейіне қайта оралды (2022 жылғы қарашада - 9%).

**ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ.** Сарапшылар 5 жылдық шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын, 3,7% деңгейінде қалыптасқан алдыңғы болжамдарға қарағанда, **3,9%** деңгейінде күтеді.

2023 жылдың ақпанында байқалған экономикалық сауалнама көрсеткіштерімен салыстырғанда көптеген макро көрсеткіштер бойынша болжамдар ауқымы кеңейтілген. Мәселен, 2024-2025 жылдарға арналған мұнай бағасының болжамдарының кең ауқымы сауалнамаға қатысушылардың мұнай нарығының дамуы көріністеріне қатысты айрықша белгісіздігін көрсетеді. Осыған байланысты тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдар да көп бағытты болып қалыптасуда.

Қарашадағы сауалнамамен салыстырғанда айтарлықтай тарылған 2023 жылға арналған базалық мөлшерлеме бойынша күтулерді қоспағанда, инфляция мен базалық мөлшерлеме бойынша болжамдар ауқымы барлық болжамды шегі бойлығында кеңейтілген.